

QS саммиті: QS Stars рейтингі бар университеттерді марапаттау

QS World University Rankings өз әдістемесіне жұмысқа орналасу және тұрақтылық факторларын қосатын бірегей рейтинг болып табылады, QS World University Rankings жоғары білім саласына, үкімет мен білімгерлерге әлемнің жетекші университеттерін бірқатар тиімділік көрсеткіштері бойынша ранжирлеуді анықтайтын сенімді рейтинг жүйесін ұсынады.

QS биылғы жылы әлемдегі 106 ел мен аумақтардан 1500 университетті қамтитын ең ірі рейтинг болып табылады.

Макаода 2024 жылғы 5-7 қараша аралығында QS World University Rankings бойынша 20 жылдыққа орай "QS Higher Education Summit: Asia Pacific" саммиті өтуде. Саммитке 2000-нан астам қатысушы - жоғары білім саласының ең ықпалды өкілдер, бизнесмендер, жоғары білім саласындағы саясатпен айналысатын мемлекеттік қызметшілер, сондай-ақ Азия-Тынық мұхиты аймағының ЖОО ректорлары мен өкілдері, ғалымдар жиналды.

Саммиттің бірінші күні әлем университеттері арасында QS Stars рейтингі бойынша марапаттау рәсімі өтті. QS World University Rankings агенттігі университеттердегі оқыту, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, тұрақты даму, зерттеу және жұмысқа орналастыру сияқты негізгі салаларды мұқият бағалайды.

Бұл рейтингтің мақсаты болашақ білімгерлерге зерттеу мен жұмысқа орналасу нәтижелерінен бастап, әлеуметтік жауапкершілік пен инклюзивтілікке дейінгі барлық университеттердің күшті жақтары туралы толық түсінік алуға көмектесу болып табылады.

QS Stars "үш жұлдыз" марапаттау бағдарламасы бойынша М.Х.Дулати атындағы Тараз университетіне сертификат тапсыру рәсіміне Дулати университетінің Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Шолпан Есімова қатысты.



Rated for Excellence

Taraz University named after M.Kh. Dulaty (Dulaty University)

QS has, through rigorous and independent data collection and analysis of performance metrics as set out in the QS Stars™ methodology, rated Taraz University named after M.Kh.Dulaty(Dulaty University) as a 3 Stars institution.



TEACHING



CHEMISTRY



The QS Stars™ rating system is operated by the QS Intelligence Unit, the independent compiler of the QS World University Rankings® since 2004. The system evaluates universities across a wide range of important performance indicators as set against pre-established international standards. By covering a broader range of criteria than any world ranking exercise, QS Stars™ shines a light on both the excellence and the diversity of the rated institution.



EMPLOYABILITY



INNOVATION



INTERNATIONALISATION



INCLUSIVENESS



RESEARCH

Leigh Kamolins, Head of Evaluation



FACILITIES





QS STARS AWARDS CEREMONY



